

**Білім беру саласы:** "Таным".

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану.

**Тақырыбы:** «Су,күн,ауа терапиясы».

**Мақсаты:** Балаларды табиғатпен таныстыра отырып, күн, су, ауа туралы білімдерін кеңейту.

**Білімділігі:** Қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға тәрбиелеу.

**Дамытушылығы:** Күн, су, ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін дамыту.

**Тәрбиелігі:** Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілдері:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, бақылау, қорытынды.

**Көрнекілігі:** Суреттер, сурет дәптер, қылқалам.

**Қостілділік:** күн-солнце, ауа-воздух, су-вода.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	<b>Амандасу шеңбері:</b> Шуақ шаша алтын таң, Мөлдір таза ауадан. Табиғаттар оянды. Қайырлы таң апайлар! Қайырлы таң,балалар! Сәлеметсіздер ме. Здрастуйте.	Шеңбер бойында тұрып,айнала қимыл-қозғалыстар жасап, қайталап айтады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік</b>	Балалар қазір жылдың қа мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Күздің ерекшеліктері қандай? Жарайсыңдар! Табиғаттың дыбысы.Әсем құстардың үні.Сыңғырлаған мөлдір судың дауысы.Бір терең дем алайық.  Балалар біз ненің дауысын естідік. Иа бұл біздің табиғатымыз-қоршаған ортамыз.Табиғат нешеге бөлінеді?  Тірі табиғатқа нелер жатады? Адамдар,жануарлар мен өсімдіктер жатады.Өлі табиғатқа қазір біздер не жататынын жұмбақ арқылы шешеміз.  <b>Жұмбақ жасыру:</b> Аспанда бір айна бар, Әлемді көріп айналар  Жылт – жылт еткен Жылғадан өткен, Құйсаң шығар гүл өсіп, Қатады қыста сіресіп.  Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді.  -Балалар адамдар ,жануарлар өсімдіктер күн,су ауасыз өмір сүре алмады екен.  <b>Тәрбиеші:</b> Балалар бізге хат келіпті,хатты бірге оқимыз ба?Ендеше	-күз мезгілі -үш ай бар. -күзде күн салқындайды,жапырақтар сарғаяды,жаңбыр жауады.  -терең дем алып назар аударады.  -құстардың сыңғырлаған үні,судың дауысы.  -Күн  -Су  -Ауа

	<p>мені тыңдаңыздар  <b>Зертханадан хат:</b>Сәлеметсіңдер ме балалар!Көңіл-күйлерің қалай?Бүгін мен сіздерді зертханаға қонаққа шақырамын,бүгін мен түрлі заттармен тәжірибе жасаймын.</p> <p>-Балалар ендеше біздер бәріміз зертханаға барамыз ба?Ендеше қатармен орнымыздан тұрып барайық.</p> <p><b>Зертханашы:</b> Сәлеметсіңдер ме балалар!Менің атым Зере. Менің хатымды алғанымға қуаныштымын.Менің зертханама қош келдіңдер!</p> <p><b>Тәрбиеші:</b>Сәлеметсіз бе!Бізде сізбен тәжірибе жасауға келдік.</p> <p><b>Зертханашы:</b>  -Келіндер мына жерге тұрайық.Балалар бұл менің зертхана жасайтын жеке бөлмем мына жерде суреттерден қарасаңыздар түрлі көріністерді көресіздер.  Біздер бірінші тәжірибе жасамас бұрын,үстіміз ластанбас үшін біздер алжапқышты алдымызға тағып алайық.Тәжірибемізді бастаймыз.</p> <p>Тәжірибе:  Балалар қарандаршы су дегеніміз 3 ке бөлінеді.  Қатты,сұйық,бу.  Сұйық дегеніміз біздің алдымызда тұрған мөлдір су екен.  Бу -бұл ыдыстық судан шыққан бу екен.Бу қалай шығады ол ыстық су қайнаған кезде пайда болады.  Ал қатты дегеніміз-бұл алдымызда тұрған мұз.Бәріміз қолымызға мұзды алып алақанымызға салайық.  Балалар мұзымыз не болды?  Дұрыс айтасыңдар балалар!</p> <p>Келесі тәжірибе:</p> <p>1.Екі стақанға су құйылып тұр екен, оның біреуіне бояғыш саламыз. Екі стақанға қандай да бір затты саламыз. Бояғыш салмаған стақандағы судан зат көрініп тұрады, яғни мөлдір. Ал бояғыш салынған стақандағы судан зат көрінбейді.  Судың пайдасы, суды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтау керек.</p>	<p>-Тақтаға назар салып тыңдайды.</p> <p>-зертханаға барамыз.</p> <p>-Сәлеметсізбе Зере апай.</p> <p>-балалар зер салып тыңдайды.</p> <p>-тәжірибені жасауға алжапқышты киеді.</p> <p>-мұз қолымызда еріп кетті.</p> <p>-Бір суымыз лас,бір суымыз мөлдір таза болды.</p>
--	---	---

	<p>-Ауаға байланысты мынадай тәжірибе жасайды. Балалар біз ауаны көре аламыз ба? Қолмен ұстай аламыз ба? Дұрыс айтасыңдар. Бірақ ауа бар біз оны қазір дәлелдейміз.</p> <p>1. Қолымызда не бар? Балалар бәріміз салафанды қолымызға алып мен сияқты ауаны ішіне кіргізейікші. Балалар салафан ішінде не бар.</p> <p>2. тәжірибе: Балалар қолымызға айнаны ұстаймыз. Бәріміз түрімізді анық көріп тұрмыз ба? Енді бірге айнаны үрлейікші. Айнамызға не болды? Дұрыс айтасыңдар. Балалар бұл жылы ауыздан шыққан жылы ауа екен. Тағы да дәлел бұл ауаның бар екендігін дәлелдедік.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар қараңдаршы мына жерде гүліміз солып қалыпты. Бұл гүлге не керек? Осы гүліміз жақсы өсу үшін бір ойын ойнап жіберейік. Балалар келіңдер мына жерге тұрайық.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> "Сәйкестендір"</p> <p><b>Мақсаты:</b> Гүлдерге ауа, су, күн қажет екенін гүлдер арқылы сәйкестендіреміз.</p> <p><b>Зертханашы:</b> Сендерге тәжірибе ұнады ма? Өте керемет тәжірибе жасадыңыздар.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Рахмет сізге біз енді тобымызға барайық. Сізбен жасаған тәжірибеміз қатты ұнады. Сау болыңыздар.</p> <p><b>Топқа оралу.</b> Балалар шаршаған болармыз бәріміз бір сергіп алайық.</p> <p><b>Сергіту сәті</b> Жарайсыңдар балалар! Өте керемет! Бүгінгі ашық оқу қызметіне жақсы қатыстыңыздар.</p>	<p>-жоқ ұстай алмаймыз.</p> <p>-біздің қолымызда салафан бар</p> <p>-ауа бар</p> <p>-анық көріп тұрмыз.</p> <p>-буланып кетті.</p> <p>-су, ауа, күн керек. Өйткені гүліміз өліп қалды.</p> <p>-ойынды қуана ойнайды.</p> <p>-иә ұнады.</p> <p>-Сау болыңыз Зере апай!</p> <p>-сергіту сәтін қайталайды.</p>
<p><b>Рефлексивті түзетушілік</b></p>	<p>-Балалар біз қайда бардық. Біздер онда не жасадық Сендерге ұнады ма? Балаларды смайлик арқылы мадақтау.</p>	<p>-зертханаға бардық -тәжірибе жасадық -қатты ұнады.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** тіршілік үшін таза ауаның, судың күннің қажет екенін.;

**Игереді:** қоршаған орта мен табиғатқа қамқоршы болуды, бірін – бірі тыңдауды, өз пікірін білдіруді;

**Меңгереді** күн, ауа, су барлық жерде бар екендігін анықтау үшін тәжірибе жұмысын тәрбиешінің көмегімен жасауды.